ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ, ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫ БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІНІҢ «ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ № 17 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ САРАЛАП ОКЫТАТЫН БЕЙІНДІК МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
ЖЫС № 1-25/16
26 ж 02 03

«Новое будущее» ЖК директорына

Құрметті «Новое будущее» ЖК директоры!

Сіздің шағымыңызға байланысты төмендегіні хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттар – еңбек шарты және еңбек қызметі кезеңі туралы мәліметтері бар өзге де құжаттар болып табылады.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес еңбек өтілін растау міндетті зейнетақы жарналарының Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры-на аударылғаны туралы мәліметтер негізінде жүзеге асырылады.

«Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әлеуметтік аударымдардың төленгені туралы мәліметтер Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры деректерімен расталады.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 23-бабына сәйкес жұмыс беруші еңбек шарттарын Бірыңғай еңбек шарттарын есепке алу жүйесінде (enbek.kz) тіркеуді қамтамасыз етуге міндетті. Бұл жүйе еңбек қатынастарының ресми расталу көзі болып табылады.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде:

• ЖК Шаяхметова еңбек шарттарын, Бірыңғай еңбек шарттарын есепке алу жүйесінен (enbek.kz) мәліметтерді және аспаздардың еңбек өтілін есептеу үшін БЖЗҚ-дан үзінді көшірмелерін ұсынды.

• ЖК Касенбекова еңбек шарттарын және аспаздардың еңбек өтілін растау үшін БЖЗҚ-дан үзінді көшірмелерін ұсынды.

• ЖК Мангазеева Бірыңғай еңбек шарттарын есепке алу жүйесінен (enbek.kz) мәліметтерді және аспаздардың еңбек өтілін есептеу үшін БЖЗҚ-дан үзінді көшірмелерін ұсынды.

• ЖК Омарханова тек еңбек шарттары мен қызметкерлердің дипломдарын ұсынды. Міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар туралы мәліметтердің болмауына байланысты аспаздардың еңбек өтілі есепке алынған жоқ, себебі ол қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес расталмаған.

Осылайша, конкурстық құжаттаманы қарау барысында комиссия Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алды.

Басшы **Досанова Р.С.**